

"Шығыс Қазақстан облысының халқын орталықтандырылмаған ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау кезінде жер үсті және жер асты су объектілерінен су алу ережесін бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2013 жылғы 9 қазандағы № 14/171-V шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2016 жылғы 21 сәуірдегі N 2/19-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 19 мамырда N 4552 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 5-тармағына сәйкес Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Шығыс Қазақстан облысының халқын орталықтандырылмаған ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау кезінде жер үсті және жер асты су объектілерінен су алу ережесін бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2013 жылғы 9 қазандағы № 14/171-V шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3105 болып тіркелген, "Дидар" газетінің 2013 жылғы 7 желтоқсандағы № 146, "Рудный Алтай" газетінің 2013 жылғы 9 желтоқсандағы № 145 сандарында жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"7. Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар, сондай-ақ орталықтандырылмаған су көздерінің ауыз су сапасы өзінің құрамы мен қасиеті бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 209 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10774 болып тіркелген) бекітілген "Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес болуы тиіс."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Шығыс Қазақстан облыстық
мәслихатының хатшысы
"КЕЛІСІЛДІ"*

О. Чернышов

В. Головатюк

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Су ресурстары комитетінің төрағасы
_____ И. Әбішев

2016 жылғы " 03 " мамыр
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігінің
Тұтынушылардың құқықтарын
қорғау комитетінің
Шығыс Қазақстан облысы
тұтынушылардың құқықтарын қорғау
департаментінің басшысы
_____ Г. Сүлейменов

2016 жылғы " 22 " сәуір

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК